# Сапалы мамандармен қамтамасыз ету маңызды

**Қазақстан Республикасында басқа да күнделікті өзекті мәселелермен қатар білім беру сапасына, соның ішінде жоғары білім беру сапасына көп көңіл бөлініп келеді. Президент Қ.К.Тоқаев 2022 жылдың 11 қаңтарындағы Парламент Мәжілісінің отырысындағы баяндамасында басты назарды еліміз үшін маңызды мәселелермен қатар білім беру мәселелеріне, соның ішінде, әсіресе сапалы жоғары білім алуды қолжетімді етуге аударды.**

Біздің ойымызша, бұл шаралардың барлығы, сайып келгенде жоғары оқу орындары арасындағы әділ бәсекелестікті қамтамасыз етуі тиіс және олар білім беру сапасын арттыруға өз үлесін қосады. Білім және ғылым министрлігі мен барлық деңгейдегі білім беру ұйымдары мамандар дайындау сапасын жоғары деңгейлі халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес болуы бағытында тиімді жұмыстар жүргізіп келеді.

Бұл ретте, сапалы білім беру деңгейіне қол жеткізу тетіктерінің бірі ретінде жетекші жоғары оқу орындарының рейтингтерін атауға болады. Заманауи әлемде мұндай рейтингтер бірнеше маңызды функцияны атқарады. Бұл, ең алдымен, оқуға түсуді көздеп жүрген талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін бағдар, екіншіден – мемлекеттегі білім беру саласы сапасының маңызды индикаторы, үшіншіден – жұмыс берушілер үшін сапалы мамандарды жұмысқа тарту бағытындағы бағдар, төртіншіден – ғылыми-инновациялық тұрғыдағы дамудың негізгі көздерінің индикаторы.

Әлемдегі университеттер мен оның білім беру бағдарламаларының QS World University Rranking, Times Higher Education World University Rranking, Academic Ranking of World Universities және тағы сол сияқты танылған рейтингтері академиялық қоғамдастық пен жұмыс берушілер арасында өте танымал екендігі даусыз.

қатар, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің бірқатар білім беру бағдарламасы да белсенді түрде қатысып, жақсы нәтижелерді көрсете алды.

Жалпы, университетіміз 2021 жылғы «Атамекен» рейтингі нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары арасында «ТОП-5» тобына кіргенін ерекше атап өткім келеді.

Рейтингке қатысқан 48 білім беру бағдарламасының үшеуінің – «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы», «Хореография», «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және конструкциялануы» білім беру бағдарламаларында бірінші орынды, ал «Биотехнология», «Экология», «Математикалық және компьютерлік модельдеу», «Сүт және сүт өнімдерінің технологиясы», «Мұнай-газ ісі», «Топырақтану және агрохимия» білім беру бағдарламаларының үшінші орынды иеленгенін, 11 білім беру бағдарламасының еліміз бойынша алғашқы бестікке, ал 15 білім беру бағдарламасының алғашқы ондыққа енгенін мақтанышпен атап өтуге болады. Жалпы, оқу орнымыздың білім беру бағдарламаларының жартысынан астамы рейтингтің алдыңғы қатарына енгенін де ерекше атап өткен орынды деп ойлаймын. Бұл нәтижелердің барлығы мамандар дайындаудың жоғарғы сапасын, профессор-оқытушылар құрамының жоғарғы әлеуетін, ең бастысы, біздің дайындаған мамандардың еліміздің

Аталған мәселенің, негізі Қазақ химия-технология институты болып қаланған, Қазақстандағы алғашқы техникалық жоғары оқу орындарының бірі болып саналатын біздің университетіміз үшін маңызы ерекше екендігін айтқым келеді.

Сексен жылға жуық тарихы, қалыптасқан дәстүрі бар, білім беру және ғылыми-зерттеу инфрақұрылымы дамыған, ғылыми мектебі қалыптасқан, жоғары технологиялар саласында күрделі мәселелерді шешуге қабілетті кадрлық әлеуетке ие көпсалалы ірі университет болып саналатын М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті ұжымы да Президент баяндамасында белгіленген міндеттерді іске асыру бойынша бірқатар іс-шараларды жоспарлап отыр.

М.Әуезов атындағы ОҚУ мамандарды дайындаудың үш деңгейлік жүйесі негізінде бакалавриаттың, магистратураның және PhD докторантураның 300-ден астам білім беру бағдарламасы бойынша жоғары сапалы, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар дайындаумен айналысып келеді. Университеттің білім мен ғылым саласындағы қарыштап дамуы әлемнің үздік университеттерінің аса беделді халықаралық рейтингінде (QS World University Rankings) алға жылжуына мүмкіндік беріп, университет ұжымы 2021 жылы әлемнің үздік университеттері арасында құрметті 482-орынға ие болды. QS рейтингіне енген 14 қазақстандық ЖОО арасында ОҚУ – 3-орында.

Дамушы Еуропа және Орталық Азия елдері бойынша QS EECA Emerging Europe&Central Asia рейтингінде біздің университет 2021 жылдың қорытындысы бойынша әлемнің 451 ЖОО арасында 96-орынды иеленген. Ал аталған рейтингке қатысушы қазақстандық 38 ЖОО арасында университет 6-орында тұр.

Жоғары оқу орындарының халықаралық ARES Academic Ranking European Standard рейтингіне 2014 жылдан бастап қатысқан, содан бері аталған рейтингтің A санатынан төмен түспеген, ал 2020 жылы осы рейтингке қатысушы әлемнің 533 ЖОО арасында біздің оқу орнымыз A+ жоғарғы санатына енді.

Қазақстанның Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінің үздік көпсалалы жоғары оқу орындарының Бас рейтингінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мемлекеттің үздік университеттерінің үштігіне кіреді.

Сонымен қатар университет 2020 жылдан бастап университеттердің UI Green Metric World University Rankings рейтингіне қатысуды бастап, бірден әлемнің үздік университеттерінің ТОП-500 тобына кіріп, 458-орынды иеленсе, 2021 жылы 125 сатыға жоғарылап, 333-орынға ие болды. Ал аталған рейтингке қатысқан 13 қазақстандық ЖОО арасында 3-орынға ие.

Жақында университет ұжымы тағы бір қуанышты хабардың куәсі болды: Greenmetric әлемдік рейтингінің Ranking by Campus Setting – in City Center 2021 санатында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті әлемнің 170 жоғары оқу орнының ішінен 34-ші, ал Қазақстанның 7 жоғары оқу орнының ішінен 1-ші орынды иеленді.

World wide Professional University Rankings агенттігінің «Химия ғылымдары» бойынша RankPro-2021 пәндік рейтингінде М.Әуезов атындағы ОҚУ әлемдік университеттердің ТОП-401-500 тобына кіріп, аталған рейтингтегі Қазақстан Республикасының жалғыз өкілі болып табылады.

Бүгінгі таңда университеттің басты ұстанымы – білім берудің халықаралық талаптарға сай деңгейі мен инновациялық ғылым. Университет өзінің болашағын, білім беру мен ғылым өзара тығыз байланысқан зерттеу университетіне айналумен тікелей байланыстырады. Қазіргі таңда университет студенттерге тек қана заманауи дәрежедегі білім беріп қана қоймай, сонымен қатар оларға сол білімді өздері ізденіп алуға, жаңа идеяларды ойластыруға және ең бастысы, сол идеяларды нақты бизнес-жобалар арқылы іске асыра алуға үйретуге ұмтылуда.

Университетте дуалдық білім беру, үш тілде оқыту, ағылшын тілінде білім беру сияқты алдыңғы қатарлы оқыту түрлері кеңінен қолданылып келеді. Сонымен қатар студенттік стартаптарды енгізу бойынша да бірқатар тәжірибе жинақталған. Әлемдік білім беру тренді болып табылатын және ғылым, технологиялар, инженерия мен математиканың интеграциясына негізделген STEM-оқыту тәжірибесін іске асыру басталды.

Университет тарапынан іске асырылып жатқан мамандықтардың жоғары сапасы Германияның инженерия, жаратылыстану ғылымдары, математика мен информатика салаларындағы білім беру бағдарламаларын аккредиттеу бойынша ASIIN аккредиттеу агенттігінде халықаралық аккредиттеуден өтуі арқылы дәлелденген.

Біздің университет көрсетілетін білім беру қызметінің сапасын дәлелдеу бойынша белсенді ұстанымға ие: қазіргі уақытта жоғары оқу орнының Сапаны қамтамасыз ету бойынша еуропалық қауымдастықтың (ENQA) толыққанды мүшесі болып табылатын және агенттіктердің еуропалық Реестріне (EQAR) кіретін IQAA және ASIIN агенттіктерінің институционалдық аккредиттеу сертификаты және бакалавриат, магистратура мен докторантура бойынша 153 білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттеу бойынша сертификаттары бар. Мұның барлығы біздің ұсынып отырған білім беру бағдарламаларымыздың сапаны қамтамасыз ету бойынша ESG еуропалық стандарттары талаптарына сәйкестігін айқындайды.

Қазіргі кезде жоғары білім беру мазмұнын қолжетімді, әрі сапалы білім беру тұрғысынан әлемдік беталыстар немесе үрдістер аясында жаңғырту міндеті негізгі стратегиялық құжат – «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына», сонымен қатар жоғары білім берудің Еуропалық кеңістігінің бірқатар өзекті құжаттарына бейімделуді қарастырады.

Біздің басты бағытымыз – университетті зерттеу және кәсіпкерлік университетіне айналдыру мақсатымен тікелей байланысты, ал ол мақсат өз кезегінде ел экономикасына қажетті мамандарды дайындау мен жас қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу жолында жоғары көрсеткіштерге жетуге мүмкіндік береді деп ойлаймын.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті – бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру кеңістігінің үздіктер қатарындағы, ғылыми және материалдық әуелеті жоғары деңгейдегі, ұзақ жылдар бойғы тарихы барысында қалыптасқан салттары мен дәстүрлері бар, ең басты байлығы – бәсекеге қабілетті жоғары оқу орны болып табылады.

Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы, ертеңі. Тәуелсіз еліміз қанатын кере жайып, ел мәдениеті өркендеген қазіргі заманда тек білімді жас-

екендігі даусыз.

Осы қатарда жыл сайын отандық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын зерттеуде «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлік палатасы тарапынан жүргізілетін рейтинг ерекше маңызға ие. Онда ел экономикасының әртүрлі саласындағы жұмыс берушілер мен сарапшылардың жүргізген бағалауы нәтижелері бойынша ағымдағы нақты жағдайды, яғни еңбек нарығында қандай мамандықтар сұранысқа ие және қай университеттер оларды сапалы және жақсы дайындайтыны анықталады. Жақында шыққан білім беру бағдарламаларының 2021 жылдың қортындысы бойынша басқа да жетекші жоғары оқу орындарымен дайындаған мамандардың еліміздің еңбек нарығында жақсы сұранысқа ие екенін айқын көрсетеді.

Президенттің Парламент Мәжілісінің отырысындағы сөйлеген сөзінде жуықта Қазақстанда жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу басталатындығы және Ресейдің үздік техникалық жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жоспарланып отырғандығы туралы және білім беруге деген жалпы көзқарасты өзгерту мәселелеріне де айрықша көңіл аударды. Соның ішінде, әсіресе, техникалық бағыттағы мамандықтарға басымдықтар беру, жаңа түрпаттағы инженерлер мен өнеркәсіп мамандарын дайындау жөніндегі ұсыныстары кеңінен қолдау табады деп ойлаймын.



Суретті түсірген Ерлан ОМАР, «EQ»

деген қазіргі заманда тек білімді жастар ғана ұлтымызды асқақтатады, елімізді көкке көтереді. Қоғамның негізгі өзегі – жастар. Қазақстанның болашағы жастар еншісінде екенін ескерсек, сол жастардың сапалы білім алып, тәрбиелі, парасатты азамат болып қалыптасуына қоғамның да ықпалы зор екені анық. Саналы қоғамда білімді азаматтармен бірлесе өмір сүрген жастар өз бойында білімге деген құштарлық пен ізгі сезімдерді қалыптастыратыны сөзсіз. Сондықтан Қазақстанның жарқын болашағы тек білімді жастармен ғана қалыптаспақ.

**Дария ҚОЖАМЖАРОВА,**
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры